


«Бай баласы мақтанса, жылқыдан жорға міндім дер,
Би баласы мақтанса, парадан шапан кидім дер».

Мақал



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨНГІМЕ



Максұт НӘРІКБАЕВ:

(Басы 1-бетте)

Ал қалған сот шешімдері, яғни, арыз түскен істердің 94-97 пайызы заңды деп табылады. Бұл жаман ба, жақсы ма? Аз ба, көп пе? Егер мен айтқандай, пайыздық принциппен бағаласақ, жаман емес. Ал әр пайыздың артында жүздеген, мыңдаған адамның тағдыры жатыр десек, әрине, мен мұны жақсы деп айта алмаймын.

Екіншіден, соңғы кезде қылмыстық әрекеті дәлелденіп, сот үкімі заңды күшіне еніп кетпесе де, «мен кінәлі емеспін, заңсыздықтың құрбаны болдым» деп байбалам салатындар көбейіп барады. Өкінішке қарай, олардың «заңсыз байбаламын» кейбір ақпарат құралдары «дауыс қарлыққанша» қоштап, сот шешіміне әсерін тигізетіндей әрекеттерге барып жүр. Иә, мұны ашық пікір таластыру деп түсінуге болады. Бірақ мені қобалжытатыны – сондай істердің сотта қаралмай жатып, қоғам талқылауына тап болуы. Ондай әрекеттердің өзі заң бұзушылық қой. Өйткені қалыптасқан халықаралық құқық, тіпті біздің Ата Заңымызда бекітілген тәртіп бойынша да, сот шешімі заңды күшіне енбей жатып, бір де бір адамды қылмыскер деп айыптауға, не оның кінәсі жоқ деп ақтауға болмайды. Ондай әрекет үшін қылмыстық жауапқа да тартылуға болады.

Үшіншіден, сіз айтқандай, «құқығы аяққа тартылған азаматтардың саны көбейіп барады», – деген тұжырымның бірден-бір себебі – құқық қорғау құрылымдарының іс жүргізудегі процессуальдық қателіктері халыққа ақпарат құралдары арқылы жетіп

ды, сот шешімдерін орындамай жүрген мемлекет құрылымдары қимылдай бастады», – деген сөзі әлі есімде.

Мендегі бар деректерге сай, сот шешімдерінің мүлтіксіз орындалу деңгейі әлі төмен. Соны жою мақсатында Үкімет пен депутаттар жеке меншіктегі сот орындаушылар туралы Заң қабылдауға әрекеттеніп жатыр.

Жас қазақ: Сіз сот шешімін орындауды жеке меншікке беруге қарсы пікір білдіріп жүрген адамсыз...

Максұт Нәрікбаев: Иә, шынымен айтсам, мен бұған қарсымын. Сот шешімін орындауды жеке меншікке беруді қоштамаймын. Әділін айту керек, бұл институт кейбір Еуропа елдерінде өзін жақсы жағынан көрсетуде. Бірақ олардың менталитеті мен біздің қоғамды салыстыру әлі ерте деп ойлаймын. Жеке меншік негізде құрылған кейбір банктеріміздің қазіргі жағдайы не боп жатыр? Соның көбін киіп жүрмейміз бе деген күдігім бар.

Жас қазақ: Өзіңіз төрағалық ететін «Әділет»

тұрғыдан айтсақ, оның мағынасы болу керек деп ойлаймын. Ол – көзбен көріп, құлақпен естігенді бұрмаламау. Бірақ шындықты іс жүзінде, әсіресе саясат сахнасында қолдануға келгенде, дипломат болмасаң, болмайды деп есептеймін. Шындықты отбасында, дос-жаран ағайын-туған ортасында айту мен саяси деңгейде қолдану әдістерінің арасы – жер мен көктей.

Жас қазақ: Шындық болу үшін оппозиционер болу міндетті ме?

Максұт Нәрікбаев: Саясатта шындық айтудың ең тиімді жолы – билікке оппонент болу. «Оппозиционер» емес, «компонент» деп әдейі басып айтып отырмай. Өйткені, өкінішке қарай, біздің қоғамымызда «оппозиция» деген сөзді естісе, ата жауын көргендей көзі маңдайына шығып кететін шенеуніктер аз емес. Ал демократиялық принципті барынша ұстанатын өркеніетті мемлекеттерде билік те, қоғам мүшелері де оппозициялық құрылымдардың болмауынан қорқады. Өйткені басқа пікір, басқа көзқарастың жоқтығы қандай даңбылдан, қандай мықты мемле-

өзгертілді. Біздің ойымызша, қоғамда жетпей жатқан ең негізгі кемшілік – әділетсіздіктің жол алуы. Өкінішке қарай, әділетсіз әкім, судья, прокурор, шенеуніктер ортамызда жеткіліксіз. Біздің партиямыздың ең негізгі мақсаты әділетсіздікпен күресіп, құрығын қысқарту.

Жас қазақ: Кезектен тыс Парламент сайлауы туралы қоғамның ойы ала-құла. Ол біздің елге керек пе, жоқ па? Сіздің ойыңыз қандай?

Максұт Нәрікбаев: Біздің кейбір саясаткерлеріміз сайлау қажеттілігін Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығымен байланыстырады. Менің ойымша, біздің ішкі саясатымыз аталған қоғамға төрағалық етуге ешбір негіз бола алмайды. Олардың талабының негізі – демократиялық принциптерді мақсат етіп қоюында. Бұл мәселеде бізге кінә таға ала ма? Жоқ, таға алмайды. Өйткені бұл біздің Ата заңымызда қарастырылған. Тіпті демократиялық принциптерді өмірге әкелу қадамдары да жасалып жатыр ғой. Әрине, ол қадамдар бізге жеткіліксіз болып көрінуі мүмкін. Шынында да солай. Сондықтан да біз бұл

Бірақ, айта кетерім, мемлекеттік қызметке жүріп, Елбасынан бір де бір қызмет сұрап бармаптың.

Жас қазақ: Білетіндердің айтуынша, Сіз Президенттен Қазақ мемлекеттік заң академиясына ректор болып баруды сұрапсыз...

Максұт Нәрікбаев: Иә, тек Жоғарғы сот төрағасы лауазымынан өз өркіммен босату туралы арызбен Президенттің алдына кіргенімде ғана мүмкіншілік болса, сол кезеңі бол тұрған Қазақ мемлекеттік заң академиясының ректорлық қызметін беруді сұрадым.

Жас қазақ: Билікке достық, таныстық арқылы қол жеткізу туралы сұрағымызға жауап бермедіңіз ғой.

Максұт Нәрікбаев: Жалпы айтарым, кім болса да өз қолындағы біріншіден, өзі жақсы танытын, артық кемшілігін жақсы білетіндерді жамайды ғой. Мысалы, Американың кез келген президенті сайланысымен, үкімет құрамын құрғанда біразын өзінің бірге оқыған, яғни кезеңі кезінде болған алампардан таңдап және оны ешкімнен жасырмай жариялайды. Бірақ кім болса да, мәселе достықта, туыстықта емес,

Саясатта шындықты айтудың ең тиімді жолы – билікке оппонент болу

кет болмасын, оны түбі тығырыққа тірейді. Оған кешегі тарихымыздағы бір партиялық жүйе – Кеңес Одағының соны немен аяқталғанын еске түсірсек те жеткілікті. Тіпті қазақ хандықтарының жанында міндетті түрде өз көзқарасын тікелей айта алатын уәзірлердің болуы да менің осы айтып отырғаныма айтақпап тұрған жоқ па?!

Жас қазақ: Оппозиция демекші, кезінде жұрт арасында «Нәрікбаев президентке өкпелеп оппозиционер болып кетті» деген сөз шығып еді. Өзіңіз айтып отырғандай, сол кездері шындықты айту үшін билікке «оппонент» болғыңыз келді ме?

Максұт Нәрікбаев: «Нәрікбаев оппозиционер болып кетті» деген сөздің негізі жоқ. Менің үлкен саясатпен айналысуыма бірден-бір себеп – еліміздің саяси сахнасына ДВТ (Қазақстанның Демократиялық Таңдауы) атты саяси құрылымның келуі. Есіңізде ме, кеше ғана Елбасының тікелей қолдауымен жоғары мәнбері болып қалған «құлағын ұстауға мүмкіншілік алған бір топ жас қазақтардың» өз ұстазы Нәрікбаев Нәрікбаевқа дей салып, қарсы шыққандары бұл жасқа менің басымға бөтен біреу

мәселені көтергенде ішкі қажеттілігімізді есепке алуымыз керек. Қазіргі бірпартиялық Парламенттің, бір партиялық Үкіметтің біздің елге басқа да балама пікірлердің керек екеніне көздері жетіп отыр. Сондықтан да Парламент сайлауы қажет деп ойлаймыз.

Жас қазақ: 1958 жылы Сіз Украинаның Днепродзержинск қаласында Президентпен бірге оқыдыңыз. Елбасымен достығыңыз Сізге не берді? Қайбір адамдар достық, таныстықты пайдаланып, билікке қол жеткізгісі келеді. Бұған не айтасыз?

Максұт Нәрікбаев: Ол кезде Нұрсұлтан Президент боламын деп, ал мен заңгер боламын деген мақсат тұрмақ, ой да болмаған еді. Арманымыз Қазақстан Магниткасына жақсы маман болып келу еді. Өйткені ол кезде қатардағы жұмысшы, оның ішінде, әсіресе, металлургия саласындағы мамандар мәртебесі өте жоғары бағаланатын. Сондықтан болар, олардың еңбекқасқысы аудалық партия хатшысының жалақысынан екі-үш еседей артық болатын. Аталған қаладағы №8 кәсіптік техникалық училищенің үш мамандығы бойынша Қазақстаннан

оны таңдағанда аламы, білімі, кәсібі деңгейі негізінде таңдау керек. Елбасымыз мені әр кезеңде, әр түрлі қызметке қойғанда осы принципті ұстанды деп ойлаймын.

Жас қазақ: Сізді қайбір басылымдар сынап жазды. Қазақ гуманитарлық заң университеті студенттерінің талабын орындамағаныңыз үшін. Бұл мәселені ақ-қарасын өз аузыңыздан естісек.

Максұт Нәрікбаев: Біріншіден айтарым, сол дауды көтеруді белсенділік көрсеткен студенттердің артында Максұт Сұлтанұлының аяғынан тағы да бір шалып қалғысы келген үлкендер болды. Екіншіден, маған тағыған айыптар шындыққа жатпайтын. Ой-дан шығарылған әрекет болғандықтан, дау-дамай өзінен өзі тоқтады. Құдайға шүкір, ҚазГЗУ сол кездегі «айыпшылардың» айтқанындай құрып кеткен жоқ. Астанамыздың бел ортасынан көптің көзі қоймайтын кереметтей сипатта тұрғандықтан жетпей.

Жас қазақ: «Ақ жол» партиясының жүргені ертегі сияқты, еңбек, имандылыққа сай еңбек етумен керексіз деп ұран тасталыңыз. Имандылық демекші, Сізді шымалы бастанты деп естілік

жатқандығында. Бірақ заңгер ретінде апаратыным – сол деректердің кейбіріне сенбеске лаж жоқ. Егер олар шындық болса, онда, әрине, сіздің сөзіңізбен, сөз жоқ, келісемін.

Жас қазақ: «Сот шешімдерінің 94-97 пайызы заңды» дейсіз. Сол шешімдердің орындалу жағы қалай? Сіз бір сұхбатыңызда: «Сот шешімдерінің 71 пайызы орындалмай отыр», – депсіз. Мұны немен түсіндіресіз?

Мақсұт Нәрікбаев: Ол – осыдан бес-алты жыл бұрын айтылған сөз. Сондықтан қазіргі сот шешімдерінің орындалу деңгейі сол көрсеткіштен өзгермеді деп айта алмаймын. Бірақ сол кездегі мен жария еткен фактілердің ең сорақысының авторлары, өкінішке қарай, министрлер мен мемлекеттік ведомстволар болды. Сол кезде сот шешімдерінің орындалу мәселесіне жауапты, депутат Ирак Елекеевтің: «Мақсұт Сұлтанұлы, сіздің сұхбатыңыз дұрыс бол-

толық келісім болғанымен, «Әділет» партиясының басым көпшілігі осы шешімге іштей қарсы болып еді. Уақыт өте келе партия бағдарламасын жүзеге асыру механизмдерінде айырмашылықтар ашыла түсті. Соның соңы «Әділет» партиясының «Ақ жолдан» бөлінуіне әкелді. «Ақ жолдағы» сол кездегі кейбір әріптестерімнің «әй, сіздерден не шығады» дегеніне қарамай, саяси сахнада біз саяси күшке айналып үлгердік. Мұны жоққа шығару кімге болса да онай түспес.

Жас қазақ: Қазір Байменовпен байланысыңыз қалай?

Мақсұт Нәрікбаев: Өте жақсы.

Жас қазақ: «Қазақстанның шын патриоты болған адам шындықтан алыс кетпеуі керек». Бұл сөздің авторы – өзіңіз. Сіздіңше, шындық деген не?

Мақсұт Нәрікбаев: Шындықты физиологиялық

олардың кейбір талаптары мен әрекеттері Ата заңымызға, басқа да заң талаптарына қайшы еді.

Жас қазақ: Бірақ енді, Сіз осы жағдайдан кейін «Құқықтық Қазақстан үшін» деп аталатын қозғалыс құрдыңыз. Солай ғой?

Мақсұт Нәрікбаев: Иә, мен ол кезде университет ректоры едім. Сол сезімнің әсерінен 15 профессордың басын қосып, «Құқықтық Қазақстан үшін» атты азаматтық қозғалыс құрдым. Ондағы мақсатымыз – еліміздегі заңсыз әрекеттерге шама келгенше тосқауыл қойып, қоғам тыныштығын сақтауға дәнекер болу еді. Ол бірлестігіміз «жеке басқа табынуды» емес, «заңға бағыну» принципі дәртіптеп, аз шаруа жасаған жоқ. Екі жылдан кейін қозғалыс мүшелерінің талабымен «Қазақстан демократиялық партиясы» құрдық. 2007 жылғы сайлаудан кейінгі құрылтайда партиямыздың аты «Әділет» болып

барғаннан өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен үзіліп шыққан. Ол кезде 18 жастағы, бүгінгі Президентіміз еді. Нұрсұлтан шойын балқыншылар, ал мен шойын қыздырушылар топтарында оқыдық. Бөлек топтарда оқығанымызбен, екеуара қарым-қатынасымыз болды. Өйткені Нұрсұлтан да, мен де өз тобымыздың старосталары болып, қоғамдық жұмыстарға жұмыла араласып, көптеген шаруаларда бірге жүрдік. Көп ұзамай Нұрсұлтан бір ауыздан училище комсомол комитетінің хатшылығына сайланды. Осының өзінен-ақ бүгінгі Елбасымыздың сонда жас кезінен үлгі, өнеге тұтарлық қасиеттері жеткілікті болғандығын көруге болады.

Жас қазақ: Сонымен мемлекет басшысының Сіздің қарьераныңа себеі тиді ме?

Мақсұт Нәрікбаев: Әрине тиді. «Жоқ, тимеді» десем, оған сіз де, сіздің оқырманыңыз сенбес еді.

уақыт Алаға бағым етіп жүргенім рас. Намаз оқу – бәрімізге парыз ғой. Бұрын Мекке, Мәдинада үш рет болсам да, намаз оқуға аса ұмтыла қоймаппын. Биыл наурыз айында тағы қасиетті жерлерде болдым. Содан қайтып келгеннен кейін өзімнен өзім намаз оқыдым, көңіл. Оның үстіне Құран сүрелерін жақтау қабілетім де жоғарылағандай сезіндім. Қасиетті Қағбаға жасаған сапарымызда серік болған Мұрат Мыңбаев қажы а ерекше алғысымды айтқым келеді. Өзі техника ғылымдарының докторы бола тұра, ислам діні туралы көп нәрсе біледі екен. Оны жеткізу шеберлігіне тәнті болдым. Ал менің түсінігімше, бүгінгі таңда исламдық негізін тек діннен табуға болады. Себебі – шындық дінде, яғни исламда.

Жас қазақ: Өңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

КӨКЕЙКЕСТІ



Шенеуніктер шеруінен НӘТИЖЕ ЖОҚ

ты хатшыны да ала келгені белгілі. Мәселен, соңғы екі жылда министрліктерде он шақты жауапты хатшы ауысты. Бұл жауапты хатшылардың министрден де көп ауысқанын көрсетеді.

Нурлан Ерiмбетов: Қазір элитаның ішінде жершілдікке бөлінетіндер бар ма?

Данияр Әшімбаев: Трайбализм бар. Әсіресе аудан, облыс көлемінде.

Нурлан Ерiмбетов: Қай әкім немесе министр командасымен көшіп-қонып жүреді?

Данияр Әшімбаев: Бердібек Сапарбаев, Аслан Мусин. Мәселен, 2002 жылы Мусин өзімен бірге 3 орынбасарын, аппарат басшысын, 2 аудан әкімін, қала әкімін, көмекшілерін ертіп келді. Әмірзақ Шөкеев те өз командасын ертіп жүреді.

Нурлан Ерiмбетов: Ал, кинематограф қалай қорғаныс министрі бо-

лады? Қорғаныс министрі деген құрығанда шен ажырата білуі қажет қой. Жолаушылар ұшағы мен әскери ұшақтың айырмашылығын білуі тиіс.

Данияр Әшімбаев: Бұл министрліктің тізгінін әскери адамдарға да ұстатып көрдік. Осы күнге дейін 6-7 адам басқарған. Арасында генералдар да бар. Солар басқарып тұрғанда да тікұшақ құлап, әскери қоймалар өртеніп жатты. Сондықтан бұл оқиға мамандыққа байланысты деп ойламаймын. Ал қаржыгердің денсаулық сақтау министрі болғаны құлаққа қонымысыз.

Нурлан Ерiмбетов: Бізде танымал оппозиция серкелері бар. Жармахан Тұяқбай, Әміржан Қосанов, Болат Әбіловтерді сіз қандай министрліктен көргіңіз келеді. Олар қандай қызметтің тізгінін ұстай алады?

Данияр Әшімбаев: Мен өз басым Петр Своик



пен Людмила Жуланованы ғана қызметке алар едім. Мәселен, Экология министрлігінде қордаланып қалған мәселе көп. Соларды жөнге келтіру үшін Петр Своикты экология министрі етіп тағайындайтын едім. Басқаларына ешқандай қызмет ұсына алмаймын.

Нурлан Ерiмбетов: Олардың «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқып, қазір Президент әкімшілігінде отырған 25 жастағы жас жігіттерден қай жері кем? Мемлекеттік қызметте істеген, өмірлік тәжірибесі мол. Сен қорғаштап отырған биліктегі ағаларыңнан олардың қай жері кем?

Данияр Әшімбаев: Менің ойымша, олардың орны Парламентте.

Жазып алған Диас НУРАҚЫН

ЖАС ҚАЗАҚ

Капиталистік REALISM

